

## Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімінің 2011 жылғы 2 желтоқсандағы N 709 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 14 желтоқсанда N 14-14-162 тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 3 мамырдағы № 188 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 03.05.2019 № 188 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28-бабының 6-тармағына сәйкес Түлкібас ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес кенттерде, ауылдық округтерде Қазақстан Республикасы Президенттігіне, Парламент Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар белгіленсін (қосымша).

2. Кент, ауылдық округ әкімдеріне Қазақстан Республикасы Президенттігіне, Парламент Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындарды қажетті мөлшерде стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен жарактандыру тапсырылсын.

3. Түлкібас ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 3 наурыздағы "Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-14-146 санымен тіркелген, аудандық "Шамшырақ" қоғамдық-саяси газетінде 2011 жылғы 18 наурызда ресми жарияланған) № 82 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ө.Маткеримовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ.Абдуалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Түлкібас аудандық аумақтық  
сайлау комиссиясының төрағасы

Н.Албаев  
2 желтоқсан 2011 жыл

Түлкібас ауданы әкімдігінің  
2011 жылғы "2" желтоқсандағы  
№ 709 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Парламент Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар**

|                    |                                                                |
|--------------------|----------------------------------------------------------------|
| Түлкібас поселкесі | Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебінің аумағында            |
| Түлкібас поселкесі | Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта мектебінің аумағында            |
| Түлкібас поселкесі | П.Шевцов атындағы жалпы орта мектебінің аумағында              |
| Көктерек ауылы     | "Көктерек" бастауыш мектебінің аумағында                       |
| Иірсу ауылы        | "Иірсу" негізгі мектебінің аумағында                           |
| Кемербастау ауылы  | Кемербастау ауылдық округ әкімі аппараты ғимаратының аумағында |
| Кемербастау ауылы  | Кемербастау мәдениет үйінің аумағында                          |
| Алғабас ауылы      | "Алғабас" жалпы орта мектебінің ескі ғимаратының аумағында     |
| М.Жәрімбетов ауылы | "Алғабас" жалпы орта мектебінің аумағында                      |
| Майлыкент ауылы    | "Майлыкент" бастауыш мектебінің ауласында                      |
| Күмісбастау ауылы  | Ш.Мұртаза атындағы шағын жинақты мектеп-гимназия аумағы        |
| Т.Рысқұлов ауылы   | М.Ломоносов атындағы мектеп гимназиясы аумағында               |
| Т.Рысқұлов ауылы   | А.Пушкин атындағы жалпы орта мектебі аумағында                 |
| Т.Рысқұлов ауылы   | Құралай атындағы жалпы орта мектебі аумағында                  |
| Т.Рысқұлов ауылы   | Абай атындағы мектеп лицейі аумағында                          |
| Бақыбек ауылы      | "Кезень" бастауыш мектебінің аумағында                         |
| Дауан ауылы        | Дауан атындағы жалпы орта мектебі аумағында                    |
| Майтөбе ауылы      | Ауылдық мәдениет үйінің аумағында                              |
| Көксағыз ауылы     | З.Ғұбайдуллин атындағы жалпы орта мектебінің аумағында         |
| Таусағыз ауылы     | Титов атындағы орта мектебінің аумағында                       |
| Қожамберді ауылы   | М.Шаханов атындағы жалпы орта мектебінің аумағында             |
| Машат ауылы        | Машат ауылдық округ әкімі аппаратының аумағында                |
| Машат ауылы        | Ауылдық клуб аумағында                                         |
| Еңбек ауылы        | Ауылдық клуб аумағында                                         |
| Мыңбай ауылы       | Ауылдық клуб аумағында                                         |
| Келтемашат ауылы   | Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта мектебінің аумағында           |
| Кершетас ауылы     | Қ.Жандарбеков атындағы жалпы орта мектебінің аумағында         |
| Жиынбай ауылы      | Жиынбай атындағы жалпы орта мектебінің аумағында               |
| Даубаба ауылы      | Сеславин атындағы жалпы орта мектебінің аумағында              |
| Макталы ауылы      | Ауылдық клуб аумағында                                         |
| Ақбиік ауылы       | Т. Иманбеков атындағы жалпы орта мектебінің аумағында          |
| Құлан ауылы        | Мәдениет үйінің аумағында                                      |

|                   |                                                               |
|-------------------|---------------------------------------------------------------|
| Сарытөр ауылы     | М.Маметова атындағы негізгі мектебінің аумағында              |
| Тастұмсық ауылы   | М.Лермонтов атындағы жалпы орта мектебінің аумағында          |
| Тастұмсық ауылы   | Тастұмсық ауылдық округ әкімі аппараты ғимаратының алды       |
| Амангелді ауылы   | "Амангелді" негізгі мектебінің аумағында                      |
| Жыланды ауылы     | О.Кошевой атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің аумағы |
| Жаскешу ауылы     | С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінің аумағы             |
| Рысқұл ауылы      | "Тұрар" жалпы орта мектебінің аумағы                          |
| Жанұзақ ауылы     | Ауылдық клуб аумағында                                        |
| Пістелі ауылы     | Ауылдық клуб аумағында                                        |
| Састөбе поселкесі | А.С. Макаренко атындағы жалпы орта мектебінің аумағында       |
| Састөбе поселкесі | Састөбе поселке әкім аппаратының ескі ғимаратының алдында     |
| Ынтымақ ауылы     | А.Оразбаева атындағы жалпы орта мектебінің аумағында          |
| Балықты ауылы     | Ауылдық мәдениет сарайының аумағында                          |
| Балықты ауылы     | И.Рыбалко атындағы жалпы орта мектебінің аумағында            |
| Шарафкент ауылы   | Әл-Фараби атындағы шағын жалпы орта мектебінің аумағында      |
| Ұрбұлақ ауылы     | "Ұрбұлақ" жалпы орта мектебінің аумағында                     |
| Көкбұлақ ауылы    | Төле би атындағы негізгі мектебінің аумағында                 |
| Көкбұлақ ауылы    | Ауыл клубының аумағында                                       |
| Абай ауылы        | Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің аумағында         |
| Жабағылы ауылы    | А.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің аумағында        |
| Абайыл станциясы  | № 21 бастауыш мектебінің аумағында                            |
| Азаттық ауылы     | Мәдениет сарайының алдында                                    |
| Шұқырбұлақ ауылы  | Ғ. Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебінің аумағында         |
| Жаңаталап ауылы   | "Жаңаталап" жалпы орта мектебінің алдында                     |
| Тастыбұлақ ауылы  | "Қызыл Әскер" бастауыш мектебінің аумағында                   |
| Шақпақ-Баба ауылы | Бреусов атындағы жалпы орта мектебінің аумағында              |
| Шақпақ-Баба ауылы | Шақпақ ауылдық округ әкімі аппараты ғимаратының алдында       |
| РЗД 114           | № 17 бастауыш мектебінің аумағында                            |